

«Қазақстандағы көктемнің алғашқы гүлдері» атты Алматы қалалық шығармашылық байқауын өткізу Ережесі.



«Қазақстандағы көктемнің алғашқы гүлдері» атты байқау «Дружные ребята» Республикалық балалар газеті мен «Қазақстанның биоалуантүрлігін сақтау қауымдастығы» (БАСҚ) Республикалық қоғамдық бірлестігінің қолдауымен «Зеленое спасение» экологиялық қоғамы және Алматы қалалық білім басқармасы Жас натуралистер станциясы бірігіп өткізеді.

«Қар астынан шыққан гүлдердің гүлдегенін көрмей қалу – көктемнің бар қызығынан құр қалғанмен тең. Бұл гүлдің ерекше қасиеті бар... Бір қарасаң кіп-кішкентай қарапайым ғана жаралған өсімдік. Олармен көктемде қауышсаң, жыл бойына жетерліктей қуат аласың». Осылайша Е.Кудинова өзінің «Қар астынан гүл шыққан жыл» атты әңгімесінде ізгілікпен жазады. Жылдан-жылға табиғат бізге ғажайыптың куәсі болуға мүмкіндік береді. Мұздап қалған жерден, қардың астынан кіп-кішкентай, бірақ сондай әдемі және мықты өсімдік – қар астынан – бәйшешек гүлі шығады, немесе басқадай - көктемнің алғашқы гүлі деп те аталады. Олар – тіршілікті оятқан көктемнің белгісі.

Олардың әдемілігі мен балаусалылығы нақ табиғат сүюшілерді ғана өзіне тартпайды. Жыл сайын, көктем кезінде көптеген өсімдіктерді – көктемнің алғашқы гүлдерін адамдар құртады. Олардың арасында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына кіретіндеріне қарамастан сату үшін гүл шоғын жасап аяусыз жұлып құртады. Қызыл кітапқа кіретін көктемнің алғашқы гүлдері – **Колпаковский уридодиктиумын** және **крокусты** басқаша аты **алатау шафранын** алматылықтар мен оңтүстік астананың қонақтарының сүйікті демалыс орынына айналған Іле-Алатау ұлттық табиғи бағының аумағында кездестіруге болады. Ұлттық бақ Іле Алатауының әдемілігін сақтап қалу үшін құрылған болатын. Ұлттық бақтың флорасында өсімдіктердің 1000 нан астам түрлері кездеседі және көпшілігі орманды орталық таулы белдеудің флорасына тиісті. Қылқан жапырақты орманда 500 ден астамы, ал шыршалыда – 400 ден астам жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің түрлері орналасқан. Қызыл кітапқа солардың 35 түрі енген.

Жоғалып бара жатқан түрді қорғау – бұл жай ғана нәрсе емес, өте маңызды жұмыс. Алматылықтар көктемнің алғашқы гүлдерін қорғауға қандай көмек көрсете алады? Ең бастысы – оларды жұлмау, сатпау және сатып алмауымыз керек! Бірақта, әрине өз өлкеңнің табиғатын қызықтауға, жаңа өсімдіктерді танып білуге, өз білгендеріңді достарың мен және жақындарыңмен бөлісуге болады.

Байқаудың мақсаты – балалардың шығармашылық қабылеттілігін және Қазақстандағы өсімдіктерге деген танымдық қызығушылығын арттыру, ерте

гүлдейтін өсімдіктер туралы мағлұматтар тарату және табиғатты қорғауға тәрбиелеу

Байқауға қатысушылар

Байқауға Алматы қаласы мен Алматы облысының 7 жастан 16 жас аралығындағы балаларды қатысуға шақырады.

Жеңімпаздарды қазылар алқасы үш жас категориясы бойынша анықтайды:

7-9 лет,

10-13 лет,

14-16 лет.

Байқаудың қазылар алқасы байқау ұйымдастырушыларының өкілдерінен құралады.

Байқауға тапсырылған жұмыстар келесі мәліметтер көрсетілген заттаңбамен жіберіледі: жұмыстың атауы, номинациясы, қатысушының аты-жөні, жасы, сыныбы, мектеп/ұйым, жетекшінің аты-жөні. **Талапқа сай емес жұмыстар қабылданбайды.**

Байқауға жұмыстар үш номинация бойынша қабылданады:

1. Көркем шығарма «Гүлдер арасында өмір сүретіндер»

Жұмыстағы көктемнің алғашқы гүлдері жануарлармен бірге бейнеленген болуы керек (мысалы, насекомдармен немесе құстармен, аңдармен). Бір автордан А-4 или А-3 пішінде, БӨ дегі кез-келген техникада орындалған тек 1 ғана жұмыс қабылданады (ботаникалық сурет немесе кескіндеме), фотосуреттер жабыстыратын арнайы жақтау немесе қатырғы қағазда безендендірілген, заттаңбасы баспа әрпімен немесе компьютерде толтырылған болу керек.

2. Әдеби шығарма « Менің отанымның қызғалдақтары»

Әдеби номинацияға қатысушылар өздерінің барлық қиялдарын көрсете білуі керек, өйткені олардың алдындағы міндет байқаудың тақырыбы бойынша өздерінің ойланып таңдаған үлгіде жазу. Жұмыстар қазақ немесе орыс тілінде болады. Көлемі 2 баспа беттен аспауы керек, мәтін – компьютерде терілген (WORD, қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі 14, жол арақашықтығы – 1,5, шеті – 2 см)

Басқа мәтіндерден толықтырылып жинақталған жұмыстарға рұқсат берілмейді.

3. «Жабайы өскен алғашқы гүлдердің сұлулығы» фотосуреттер

Байқауға жабайы өскен алғашқы гүлдердің фотосуреттері қабылданады. Әр автордан 3 фотосуреттен артық қабылданбайды. Фотосуреттер сериясы 3 суреттен артық аспауы керек және қазылар алқасы үш жекелеген жұмыстар ретінде қарастырылатын болады. Фотосуреттерді тек баланың өзі жасауы керек (өз қолымен жасалған) – Ғаламтордан көшірілмеген, достарынан қарызға алмаған, ата-аналарының көмегінсіз жасалған т.б. Ұйымдастырушы кез-келген

сәтте байқауға қатысушыдан авторлығын растау үшін, фотосуреттердің жасалу тарихын сұрауға құқылы. Авторствоның дәлелі болуы мүмкін:

- фотокамерадан ешқандай өңделусіз тікелей көшірілген бастапқы сурет;
- бастапқы кадрды өңдеусіз 100% салыстырмалы көшірілген түрде бастапқы суреттің фрагменті;

Егер де байқау барысында фотосуреттер басқа бір адамның жасағаны немесе шеттен алып пайдаланғаны анықталса, қатысушыны байқауға ары қарай қатысудан шығарып тастауға, ұйымдастырушыларды таңдау құқығын өз еркіне қалдырады.

Қатысушылар өтінімді мынандай үлгіде беру керек:

/н	Номинация	Жұмыстың атауы	Қатысушының аты-жөні	Жасы (толық жасы)	Мектеп, сынып, Ұйым.	Жетекшінің Аты-жөні	Байланыс телефоны

Әр номинация бойынша жас категориясы бойынша үш жеңімпаздан анықталатын болады. Байқаудың жеңімпаздары дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталады. Үздік деп танылған жұмыстар «Дружные ребята» Республикалық балалар газетінде жарияланатын болады.

Байқаудың өткізілу мерзімі

Жұмыстар Алматы қалалық Білім Басқармасы Жас натуралистер станциясында 9 наурыздан 1 сәуірге дейін мына мекен-жайда қабылданады: Алматы қаласы Щепкина көшесі № 27 үй.

Қортындысын шығару, көрменің ашылуы, жеңімпаздарды марапаттау 2016 жылы 25 сәуірде сағ. 15.00-те Жас натуралистер станциясында өтеді.

Жұмыстар көрмесі 20 шы мамырға дейін жалғасады. Қатысушылар жұмыстарын тек қана 23-25 мамырда ғана алуына болады.

Анықтама телефондары:

309-75-99 Жас натуралистер станциясының әдіскерлер кабинеті,
253-62-56 «Зеленое спасение» экологиялық қоғамы.

«Қазақстандағы көктемнің алғашқы гүлдері» атты Алматы қалалық шығармашылық байқауын өткізу ережесі және оның қортындысы «Дружные ребята» газетінде және «Зеленое спасение» ЭҚ (www.esgrs.org), Жас натуралистер станциясының (<http://unnat.moy.su/>), БАСҚ-ның (www.acbk.kz) сайтында жарияланады.